

Зікрія ЖАНДАРБЕКҰЛЫ

АЛАШ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ
АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ

В этой статье коротко изложено история Государства Алаш, который существовал параллельно на территориях Золотой Орды. Из-за идеологического разногласия Джанибек хана с предводителями тюркских родоплеменных союзов во главе Асан-Кайгы и этот народ отделившиеся от Золотой Орды, создавший собственное государство стал называться казахами. Это событие в свою очередь сильно ослабило военную мощь Золотой Орды и привело к его распаду.

Bu makalede Altın Ordu sınırları içerisinde eşzaman mevcut Alaş Devleti tarihi araştırılır. Canibek Han'ın, Asan Kaygı öncülüğündeki bulunan Türk boy ve kavimleriyle yaşanan fikir ayrılığı sonrası Altın Ordu'dan ayrılmasıyla bu ulus kendi devletini kurar ve Kazaklar diye adlandırılmaya başlanır. Bu olay Altın Ordu'nun askeri gücüne büyük darbe yedirir ve dağılmasına neden olur.

Жәнібек хан мен Асан Қайғы арасындағы карама-қайшылық мемлекетті екіге бөлді. Асан Қайғы Жәнібек ханнан өзі кеткен жоқ, оның соңынан жүздік құрылымға кіретін түркі тайпалары бірге кетті. Бірақ бұл оқиға Алтын Орда тарихына қатысты бірде-бір жазба деректерде кездеспейді. Соған қарағанда, Алтын Ордадағы ішкі қайшылықтар сырт көздердің назарынан тыс қалғанға ұқсайды. Мүмкін олар Сарайдағы бұл қайшылықтың ішкі сырын түсінбеген болуы да ықтимал. Оның есесіне бұл оқиғалар түркі халықтары арасына тараған аңыздарда, шежірелерде, сол кезеңде өмір сүрген жыраулар поэзиясында толық көрініс тапқан. Алаш пен Алаша ханға, Айса ұлы Әметке қатысты аңыздар, ол аңыздарда аттары аталатын тұлғалардың қазақ шежірелеріндегі тұлғалармен бір болып келуі осы кезеңде Алаш пен Алаша ханның жалпы қазақтың алғаш тарих сахнасына шыққанын көрсетеді. Және олардың барлығы бұл оқиғалардың Алтын Орда кезеңінде болғандығын меңзейді. Өкінішке орай, түркі халықтарының дәстүрлі тарихи жады болып табылатын аңыздар мен шежірелер, тарихи жырлардың тарихи дереккөзі ретінде қарастырылмауы осы күнге дейін Алтын Орда сияқты алып империяның күйреуіне ықпал еткен негізгі факторды анықтауға мүмкіндік бермей келеді. Ал, кейбір тарихи шығармалардағы мәліметтер керісінше зерттеушілерді адастырып, Алаш пен Алаша ханға басқаша тұжырым жасауға ықпал етіп жүр. Мысалы, Рашид ад-Диннің «Жылнамасындағы» Нух пайғамбардың ұлы немесе немересі ретінде аталатын Абулджа хан [1.50-81] мен Әбілғазы Бахадур ханның «Түркі шежіресіндегі» Нух пайғамбардың ұлы Йафестен тараған Алынша хан туралы деректер [2]. Алаш пен Алаша ханға қатысты оқиғалармен байланыстырылып жүр. Осы деректерді негізге алған белгілі этнограф Ж.Артықбаев Алаш пен Алаша ханға қатысты оқиғаларды б.д.д. III-IV мыңжылдықтар шамасында болған оқиғалар жаңғырығы деп тұжырымдайды

[3.63]. Алаш пен Алаша ханға қатысты айтылатын аңыздар ішінде көне дәуірден қалған сюжеттік желі сарқыншақтары болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Алайда Алаш пен Алаша ханға қатысты оқиғалардың Алтын Орда дәуірінде болғандығы, олардың Алтын Орда мемлекеті ішінде туындаған ішкі қайшылықтың салдарынан бөлінген халықтың тарихына қатысты материалдар екенін көруге болады.

Мысалы: Алаш, Алаш болғанда,
Алынша хан болғанда,
Қазақ, қалмақ, ноғайлар,
Бәрі сонда бір болған.
Ынтымағы жарасып,
Жойқұн көлдей бай болған,
Еділ, Жайық, Оралға,
Орған көлдей жайылған.
Өзбек хан, Жәнібек өлген соң,
Тоқтамыс, Темір болған соң,
Ел ішіне жік түсіп,
Үш бөлек болып айрылған.
Қазақ, ноғай қыблада,
Мұсылманға жан тартып,
Дін үшін қатты қайғырған.
Қалмақ, моңғол бөлініп,
Кәпірлігі білініп,
Күншығысқа қайрылған.
Ішін буды сонда кеп,
Алтайды мекен жай қылған [4.55].

Осы жырды талдар болсақ, онда Алаш пен Алаша ханның қай кезеңде болғандығын аңғару қиын емес және олардың өмір сүрген мекені де Алтын Орда құрамында болған жерлер, әрі мемлекеттің саяси орталығынан қашықта емес. Еділ, Жайық, Орал аймақтарын алып жатыр. Ең бастысы Алаштың Өзбек пен Жәнібек хандар дәуірінде өмір сүруі.

Қазақ тарихын зерттеушілер ішінде Ш.Уәлиханов пен А.Чулошников қана Алаш пен Алаша ханды, оларға қатысты оқиғаларды XIV ғ. ортасында Алтын Орда мемлекетінде болған оқиғалармен байланыстырады және ол пікірлерін нақты тарихи деректермен бекітеді. Ш.Уәлиханов өзінің «Қазақ шежіресі» атты шығармасында қазақ пен Алаштың шығуы туралы мынадай пікірді айтады: «Қазақ немесе алаш елінің о бастағы шығу тегі қайдан деген сұраққа халық арасындағы жыр-дастандардан қанағаттанарлық, тәп-тәуір түсінік алуға болады. Егер, Темірдің Тоқтамыс ханға жорығы 1392 жылы басталса, сол жылы қазақтардың алғашқы ханы – Алаш пен оның балалары өлтірілсе, шамамен мөлшерлеп, Алаштың XIV ғасырдың орта шенінде ғұмыр кешкені анықталады [5.30-31]. Демек, Алаш пен Алаша ханның өмір сүрген кезеңі Алтын Орда дәуірі және Шоқанның бұл тұжырымы тек бір дерекке ғана сүйеніп айтылған ой емес, сонымен бірге, ол басқа деректерге ден

қояды. Әсіресе, Алаш пен Алаша ханға қатысты аңыздарды, казак шежірелеріндегі деректермен байланыстыра қарастыруы оны тарихи шындыққа бір табан жақындата түскенін көруге болады. Ол казак шежірелерінің түзілу заңдылықтарын талдай отырып, мынадай тұжырым жасайды: «По генеалогическим воспоминаниям киргиз-кайсаки принадлежат двум разным началам: белой кости – благородному происходящему от воплощения солнечного света, и черному происходящему от смертного человека без участия всякой сверхестественности или как называют кул-кутаны. Султаны составляющие дворянство – белую кость, имеют сверхестественное начало, как воплощение солнечного света, и простой народ считает своим родоначальником смертного человека Алача» [6.301]. Бұл жерде Шоқан шежірелік деректерге сүйене отырып Алаш пен Алаша ханның шыққан кезеңін нақтылап көрсетсе, екінші жағынан Алаша ханның шыққан тегі қарадан екендігін меңзеп отыр. Бұл Шоқанның Алаша ханға байланысты шежіре мен өзге де казак шежірелерін, Шыңғыс хан әулеті шежіресімен салыстыра отырып, Алаша ханның шыққан тегі бөлек екенін анықтағанын көрсетеді. Мұның өзі Алаша хан мен Алаш туралы деректердің тарихи жазбаларда кездеспеуінің де себебін анықтай түседі. Өйткені көбіне Сарай төңірегіндегі ханның өзі араласқан оқиғаларды хатқа түсіретін шетжерлік жылнамашылар Сарайдан бөлініп, өз алдына ел болғысы келген халықтың әрекетін тарихи маңызы жоқ мәселе ретінде қарастырып, өз жазбаларында олар туралы жазуды қажет санамағанға ұқсайды.

Қазак аңыздары мен тарихи жыр-дастандардағы мәліметтерді саралай отырып, Шоқан Алтын Орда халқының бір бөлігінің Ордадан бөлініп және ел болуға әрекет жасағанын дәл анықтайды. Ол бұл оқиға туралы былай деп жазады: «Татар қазақтарының шыққан тегін Алаш, Алашамен байланыстыруында да тарихи шындық жатыр. Себебі, еркіндік аңсаған азиялықтардың да шартты түрде өз ханы, өздерінің саяси бірлігі – мемлекеті, әр түрлі тайпалар одағын ұстап тұратындай пір-көсемі, сиынатындай ата-бабасы болуға тиіс еді» [5.30-31]. Жалпы Ш.Уәлиханов Алаш пен Алаша хан туралы тарихи шындыққа жақын пікір айтқан ғалым екендігін мойындауға тиіспіз. Өкінішке орай, Алаш мәселесімен айналысқан одан кейінгі зерттеушілердің Шоқан айтқан ойды ары қарай дамытудың орнына, бұл мәселеде мүлде басқа бағыт ұстанғанын мойындауымыз керек. Оған жоғарыда аты аталған Ж.Артықбаевтың зерттеулері дәлел бола алады. Шоқаннан кейін орыс зерттеушісі А.П.Чулошников қана: «Қазак халқы XIV ғасырдың бірінші жартысында қалыптасты, оны басқарған Тұранның немесе Түркістан билеушісінің алапес ұлы еді. Бұл Қазақтардың XIV ғасырда алғаш бірігуі, жеке ел болуға ұмтылған саясаты мен келіспеген наразы топтардың алғашқы бұлқынысы әрі сәтсіз аяқталған ұмтылысы болатын», [7.275] – деп атап көрсетеді. Ш.Уәлиханов пен А.Чулошниковтың еңбектерінен екеуінің де казак халқының тарих сахнасына шығу кезеңін, Алаш пен Алаша ханның шығуы да осы оқиғамен байланысты екендігін дәл анықтағандарын көруге болады. Бірақ екеуі де халықтың Ордаға не үшін ренжіп, бөліне көшкенін

айта алмайды. Осының өзі бұл бағыттағы жұмыстың мүлде басқа бағытқа ауысуына себеп болды.

Алаш пен Алаша ханды Алтын Орда дәуірімен байланыстыра зерттеген тағы бір ғалым – Зардыхан Қинаятұлы. Алайда бұл кісі Алаша хан деп Көк Орда билеушісі, Орда Еженнің ұрпағы Орыс ханды атайды және ол өз ойын былай тұжырымдайды: «Тарихқа терең үнілер болсақ, Алаш хан атты нақты тұлға болмаған. Тарихтағы «Алаш хан» тұлғасы «Алаштың басын қосып, бізде ел сияқты ел болсақ, елінің бірлігі үшін күресетін хан сияқты ханымыз болса» деген халықтың жүздеген жылдар бойы аңсаған арманынан туған бірлік идеологиясының символикалық тұлғасы болып табылады [8.193]. Ғалымның бұл пікірімен келісу қиын. Оған мынадай бірнеше себеп бар. Біріншіден, Орыс хан мен Алаша хан бір кісі болған болса, онда Шоқан Алаша ханды бірден Шыңғыс хан ұрпағы деп айтқан болар еді. Ол керісінше, Алаша ханды қарадан шыққан деп есептейді. Өзі тікелей Шыңғыс хан ұрпағы болғандықтан, бұл мәселеде Шоқанмен сөз таластыру артық. Екіншіден, Орыс хан Алаш жұртының ханы болған болса, оны қазақ аңыздары Шыңғыс хан ұрпағы екенін атап көрсеткен болар еді. Үшіншіден, түркілер Алтын Орданы өз мемлекеті санады. Ол кезеңде Алтын Орда мемлекетінің идеологиялық жүйесі өте жетілген, түркі халқының бүкіл рухани, мәдени жүйесін бұзуға бағытталған діни-идеологиялық саясаты еді. Жәнібек хан мен Асан Қайғы арасындағы қарама-қайшылықтың шығуы сұранысын қанағаттандыра алатын жүйе болатын. Оларды Алтын Ордадан кетуге ықпал еткен Жәнібек ханның осы идеологиялық жүйе мен Алтын Орда мемлекетінің құрылымдық тікелей осы мәселеге байланысты болғанын біз жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Демек, З. Қинаятұлы пікірінің тарихи шындыққа сай келмейтінін көрсетеді. Бірақ бұл Алаш пен Алаша ханның тарихта болғандығына күмән келтіру емес. Керісінше, Алаш пен Алаша хан туралы аңыздардың тарихи негізін табу үшін басқа жол іздеу болып табылады. Ол үшін Алаш пен Алаша ханға қатысты аңыздарды келтіре отырып, олардағы деректерге талдау жасап, шешімін таппаған сұрақтарға жауап іздейтін боламыз.

Алаш пен Алаша хан туралы аңыздың бірнеше нұсқасы бар. Олардың сюжеттік желісі мен кейіпкерлер аттары бір-бірінен өзгеше болғанымен, негізгі кейіпкер ханның (Қызыл Арыстан хан, Абдулла хан, Абд ал-Азиз-хан) кіші әйелінен туылған алапес бала біреу. Барлығы осы алапес баланың тағдырына қатысты болып келеді. Сондықтан, олардың барлығына тоқталып жатпай М.Ж.Көпеев жазып қалдырған нұсканы негізге алуды жөн санадық. Өйткені бұл нұсқада аңыздың тарихи негізін табуға қажетті деректер бар. Қажет болғанда өзге нұсқалардан да мысалдарды пайдаланатын боламыз.

1) Орманбет би өлген соң Ноғайлы елі екі басты алатайдың кесірінен бүліншілікке ұшырады. Сол кезден бері «Елді ала тайдай бүлдірді» – деген сөз қалды. Осы кезеңде Қондыкер, Қобан, Қотан, Қоғамдар өмір сүрді. Бұл кезде «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деп аталатын Майқы би де тірі еді. Ол өз өмірінде тоғыз ханды өткерді дейтін ...Бұхара ханы Қызыл

Арыстан ханның үлкен әйелінен бала болмайды. Бірде ол «Қызыл аяқ» деген елге жорыққа барып, көп олжамен оралды. Ішінде бір қыз бар еді. Сол қызды хан алып, одан хан бір ұл көрді. Бірақ оның денесін ақтаңдақ басып кеткен еді. Ханның бәйбішесі қызғаныштан «Бұл балаға сеніп болмайды. Ертең бұл да елді алатайдай бүлдіреді. Сондықтан бұл баладан тезірек құтылыңыз», – дейді. Хан бұл сөзден ешқандай жамандық көрмей, баланы шешесімен бірге Сырдарияның арғы бетіне апарып тастауды 40 жігітке бұйырады. Қырық жігіт бала мен шешесін алып Сырдариядан өтіп, Алатау мен Қаратауға жетіп, сол жерге оларды тастап, кері қайтады. Дәл он екі жасында бала Майқы бидің баласы Үйсінге оқтай ұшырап, кез болыпты. Оған бір ауыз тіл қатпайды. Үн-түн жоқ қала береді. Үйсін үйіне барған соң, Майқы биге сөйлепті: «Бір ағаштың көлеңкесінде жас баланы көрдім. Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, көрген кісі қызығып, бір қасық сумен жұтып жіберерлік. Жалғыз айыбы тілі жоқ екен», – депті.

Майқы би өзі ақсақ екен. Өмір бойы арбамен жүреді екен. Арбасын көлікке жектірмей, жаяу кісіге тартқызады екен.

– Мені арбамен алып барындар, мен оны көрейін, - депті.

Бала Майқы биді көргеннен-ақ ұшып тұра келіп: - «Ассалаумағалейкүм, хан біткеннің қазығы, бұқара жұрттың азығы», - деп сәлем беріпті.

– Уағаләйкүмәсселем, әмсе аман бол, балам. Болайын деп тұрған ұл екенсің, қолына алып салушының жоқтығынан кем болып тұр екенсің. – Кел, балам, қасыма мін, - деп арбасына мінгізіп алып, үйіне алып келіп, төрт көл ошақ қаздырып, ту бие сойдырып, төменгі елді шақырды. Ала бие сойдырып, аймақ елді шақырды. «Ердің ері, егеудің сынығы», - деп баласы Үйсінді бас қылып жүз жігіт қосып берді.

– Қаратаудан арман қарай асындар, Ұлытау, Кішітау деген таулар бар. Қаракенгір, Жездікенгір, Құдайберді деген жерлерге барып, ірге теуіп, салық салындар. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел болуды, жүрт болуды ойлаңдар. Күндердің күнінде осы бала хан болады. Сендер қараша боласындар. «Хан әділ болса, қарашасы табанды болса, қара жерден кеме жүргізеді», – деген деп батасын беріп, жүргізіп жіберіпті.

Ақтау, Ортаудан асып, Шу мен Сарысудан көктей өтіп, Майқы бидің айтқан жеріне келіп, ұйқыны бұзып жылқы алды, күймені бұзып қыз алды. Көш елді көш жөнекей алды, ереуіл елді отырған жерінде шапты. Өз алдына мал малданып, жан жанданып, үйлі-баранды болды. Сатусыз дүние, қалыңсыз қатын ала бастаған соң, ел болмасқа немене. Бұлардың мұндай болғанын баяғы Қызыл Арыстан хан естиді. Қотан, Қоғам, Қондыгер, Қобан. Майқы билерге елші жібереді:

– Менің баламды жігіт-желең беріп желіктіріп жібергені несі. Баламды өзіме әкеп берсін. Менен қалағанын алсын, - деп. Сонан соң бұлар Қотанұлы Болатты жүз жігітпен жіберді. Сендер барып шақырып келіндер, – деп.

Бұлар келген соң бұрынғы келгендер: «Қайт деген сөзді айтпаңдар, өздерің де қайтпаңдар», – дейді.

Аты бестісінде қартаятын,
 Жігіт жиырма бесінде қартаятын,
 Көк шөпті жұлғаннан басқа ісі жоқ,
 Еркегі ат болатын, ұрғашысы жат болатын,
 Тымақты тақияға айырбастайтын,
 Пышақты қасыққа айырбастайтын,
 Тары мен бидайдың нанын жегенге,
 Жаумен көженің суын ішкенге құтыратын,
 Бөдененің бір санын жегенге күпті болатын,

сарттың жаз болса тұзын, қыс болса отыны мен көмірін тасығаннан басқа қызығы жоқ жерде не ақыларың қалды? – деген соң:

– Рас-ау, рас, – деп шақыра келгендер де қайтпай қалып қойыпты.

Қызыл Арыстан хан қайта-қайта кісі жіберіп болмаған соң, Қоғамұлы Алшынды бас қылып жүз кісімен тағы жібереді. Он үш ақсақал қосты. Есеп саны үш жүз он үшке жетсе, дүние жүзі жиылса да бетіне шыдамайды деген.

«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» аталған кісі осы болса керек. Бұлар енді ел болғанымызды жұрт көзіне түсірейік деп, баяғы ала баланы алашаға салып, Ұлы таудың басына алашамен көтеріп шығарып, хан сайлапты. Оған «Алашахан» деп ат қойды.

Бастапқы бірге келген жүз жігіттің бастығы – Үйсін. Бұл ұлы жүз «Үйсін» деп аталды. Түп қазығы Салықшы. Жауға шапқанда бұлар шаппасын. Тас түйін болып тұрсын депті. Ортада келген жүз жігіттің бастығы Болат қожа. Бұған Орта жүз деп ат қойысыпты. Бұл Орта жүз тосқауылшы орта буында жүрсін. Ханның бақташысы болсын депті. Бұл Орта жүз «Ақ жол» аталсын дейді.

Соңғы келген жігіттердің бастығы – Алшын. Жаудан беті қайтпайтын жаужүрек, қарсы алдында жүріп жан қадірін білмейтін, бұлар кезеуілші болып, ең алдында жүріп жауға шабатын болсын. Бұған Кіші «Алшын» деп ат қойды. Қазақтың үш жүз аталған жері осы [9.14 -16].

Бұл аңызда айтылған оқиғаларға талдау жасап көретін болсақ, бұл аңызға негізгі желі болған оқиғалардың Алтын Орда дәуірінде болғандығын аңғару қиын емес. Аңызда аттары аталған кейіпкерлердің көпшілігінің тарихта болған кісілер екендігіне дау жоқ. Мысалы, Майқы би Шыңғыс ханның замандасы. Шыңғыс ханның Жошыға берген төрт әскербасының бірі, Жошы әскерінің оң қанатын басқарған әскербасы, Рашид ад-Дин «Жылнамасында» Майқы би Байқу деген атпен белгілі [10]. Бұл Майқы бидің Жошы Ұлысы тарихында өз орны бар адам екендігін көрсетеді. Бірақ XIV ғасыр ортасында Майқы бидің көзі әлі тірі еді дегені тарихи шындыққа сай келе бермейді. Алайда тарихта Майқы би атын жамылған Ұлы жүздің сол кездегі рухани басшысы болған тарихи тұлғаның тұрғанын көруге болады. Алаш бірлестігінің негізгі ұйтқысы да, ұйымдастырушысы да сол тұлға. Алтын Орда тарихында Жәнібек ханмен тікелей тайталасқа түсіп, түркі жүздерін Алтын Ордадан бөліп әкеткен тарихи тұлға – Асан Қайғы. Демек,

бұл Алаш идеясының негізгі қозғаушысы Асан Қайғы болғандықтан, аңызда Майқы би аталып жүрген тарихи тұлға Асан Қайғы болуы керек деген тоқтамға келуге мүмкіндік береді.

Майқы бидің алапес баланы үйіне әкеліп, той қылып, бар халыққа таныстыруы, соңына өз ұлы Үйсінді бас қылып баланың соңына ертіп шығарып салуы түгелімен тарихи шындықтың бейнелі көрінісі. Майқы бидің немесе Асан Қайғының бөліне көшкен халықты жеке ел болуға үндеуі заңды құбылыс. Түркі халықтарының Алтын Орда мемлекетінің негізгі тірегі бола тұра, мемлекетті басқару жүйесінен шеттетілуі мен мемлекеттің басты идеологиялық бағыты – Йасауи жолының мемлекеттік жүйеден ысырылып, орнына шарифат жолының қабылдануы түркі халықтарының Ордадан бөлініп кетуіне ықпалын тигізді. Оны Асан Қайғының Жәнібек ханға айтқан сөздерінен-ақ көруге болады. Алапес баламен кеткен Үйсін бастаған жүз жігітті қайтармақ болып барған Болат қожа бастаған жүз жігітке алғашқылардың айтқан сөзі де сол кезеңдегі Алтын Ордадағы ішкі рухани қайшылықтың қаншалықты тереңдеп кеткенін сипаттайды. «Сарттың жаз болса тұзын, қыс болса отыны мен көмірін тасығаннан басқа қызығы жоқ жерде не ақыларың қалды»? – деген сөз түркілердің сол кезеңдегі ахуалы мен мемлекеттің ішінде қалыптасқан рухани қайшылықты дәл суреттейді. Жәнібек ханның мемлекеттің идеологиялық бағытын өзгертуі, түркілердің рухани еркіндігін ғана емес, саяси еркіндігін шектегендігін көрсетеді.

Ал аңызда аттары аталатын Қотан, Қоғам, Қондыгер, Қобаң болса сол кезеңдегі рулық, тайпалық жүйелердің басшылары екендігін көруге болады. Бұл кейіпкерлер туралы мәселені аңызда айтылған оқиғаларды шежіремен байланыстырғанда кеңірек талдайтын боламыз.

Ендігі кезекте Алаша хан атанған алапес бала кім? Тарихи тұлға ма, әлде ойдан шығарылған кейіпкер ме? Соған тоқталып көрелік.

Алаш атанған алапес бала Бұхара ханы Қызыл Арыстан ханның ұлы (кейбір аңыздарда Абдулла ханның, Абдул-Азиз ханның ұлы), кіші әйелінен денесі ақтандақ болып туған ұлы. Өскенде қасына жігіттерді жинап, өз алдына жеке ел болуға ұмтылған тұлға. Бірақ Шыңғыс хан әулетінің өкілі емес, қарахандық билеушілер әулетінен екендігі айтылады. Алтын Орда дәуірінде ешқандай қарахандық билеушілер әулеті билеген мемлекет қалмағаны тарихтан белгілі. Кезінде Хорезмшах Мұхаммед қарахандық билеушілердің барлығын өлтіріп, мемлекеттігін жойып, жерлерін Хорезм мемлекетінің құрамына қосып алғаны белгілі. Жазалаудан аман қалған қарахандық билеуші әулет өкілдерінің йасауийа шайхтарына айналып, йасауийа тариқатының жеке силсиласын (тармағын) құрғанын [11.523-529]. Өзбек ханды ислам дініне мойын бұрғызған төрт әулиенің бірі Садр ад Дин шайх – Баба Туклас осы қарахандық билеушілер әулетінен екендігін айтқан болатынбыз.[12.134-136; 13.567-573]

Қарахандық билеушілер әулеті өкілдері Өзбек хан тұсында Орта жүзге пір болғаны, хан сарайында беклербегі қызметін атқарғаны белгілі. Аңыздағы Алаша ханның қарахандық билеуші Қызыл Арыстан ханның ұлы ретінде

сипатталуы, оның осы қарахандық билеушілер әулетінен шыққан йасауиша шайхтарының өкілі екендігін білдіреді. Асан Қайғы бастаған ел ағалары жеке ел болуға талпынғанда, қанында мемлекетті билеу тәжірибесі бар әулет өкілін таңдауы, олардың ұзақты ойлаған саясаты екендігін көруге болады. Алайда Айсылдың ұлы Әмет туралы аңыз Алаша ханның шыққан тегі басқа болу ықтималдығын жоққа шығармайды. Ал, Айсылдың ұлы Әмет тарихта болған тұлға екендігін біз жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Енді осы Әмет туралы аңызға кезек беріп көрелік.

Әмет жас кезінде Жәнібек ханның қарамағында болып, хан сарайында қызмет қылады. Жәнібектің қызы осы Әметке айттырылып қойған екен. Хан уәдесін бұзып, қызын Мығалы байдың ұлы Тастемірге бермек болады. Оған ренжіген Әмет Жәнібек хан аңға шығып кеткенде, қызын алып қашып, қырға шығып кетеді. Аңнан келген соң Жәнібек хан қыз бен жігітті іздетеді. Бірақ таба алмайды. Екі жылдан соң қыз жүкті болғанын айтып, әкесіне хабар жібереді. Жәнібек хан Алшын Алау бастаған үш жүз жігітті қырға жібереді. Олар қайтпай, Әметпен бірге тұрып қалады. Содан қазақтың үш жүзі қалыптасады.

Ал, татар халқы арасына тараған аңызда осы оқиға біршама басқашалау баяндалады. «Бір күні Жәнібек хан аң аулауға шықпақ болады. Аңға кетер алдында аяғы ауыр әйелі Тайдулаға «Егер сен мен келгенде қыз табар болсаң, сені де, қызды да өлтіремін», – дейді. Тағдырдың жазғаны солай болған соң шара жоқ. Әйелі қыз табады да, қорыққанынан қызды әкесінен қашып кеткен ұлы Бердібекке беріп жібереді. Хан аңнан қайтып келген соң «Не тудың?» – деп сұрайды. – Қыз, бірақ ол өліп қалды, – дейді. Хан өлтірмек болғанда, Тайдуладан туылған тоғыз ұл әкелеріне қарсы шығады. – Ұл керек болса, тоғыз ұлың бар, бір қызды көпсінсең, – дейді. Бұған ашуланған хан, қызды өлтіріндер деп кісі жібереді. Әйелі Бердібекке кісі жіберіп, қызды алып қашсын, – дейді. Бердібек қызды алып, Шеркешке барып паналайды. Жәнібек ханның бұл ісіне халықтың көңілі бұзылды. Бұл хан ұлдарын да маңынан қуа бастады – деген халық арасында теріс пікір туды. Бұны есіткен хан халыққа «кімде-кім менің ұлымды қайтарып әкелсе, мен оған қызымды беремін», – деп жар салды. Сонда Айса ұлы Әмет «Әй, ханым, сюрғалы болсаң, мен барып алып келермін», – дейді. Хан уәде береді. Әмет айтты: маған ашуланған болып, мені қу. Мен қашқан болайын, – деп екеуі келіседі. Кешкі аста Жәнібек хан ашуланып, Әметті ұстандар – деп бұйырады. Әмет ұстатпай дайын тұрған атына мініп қаша жөнеледі. Ол қашып Бердібекке барады. Әкесінен қашып келген Әметті Бердібек жақсы қарсы алды. Бердібектің қасында жүріп, неше түрлі айламен, оны әкесіне қайтуға көндірді. Әмет Бердібек пен қарындасын алып, қайтып келе жатқанын айтып Жәнібек ханға хабар жібереді. Хан ұлы мен қызын күтіп алу үшін қарсы шығады. Жолай Маңғал байдың үйіне түсіп, бәрі жиылып шарап ішеді. Хан мас болып, ұйықтап қалады. Маңғал байдың Темір атты ұлы бар еді. Өзі сұлу жігіт еді. Ол хан ұйықтап жатқанда үстіне жалғыз кіреді. Оны көрген хан шын ниетімен «Менің қызыма бұл жігіт лайық екен», – дейді. Мұны есіткен

Әмет келіп:

Ұсар ма, бектер, ұсар ма,
 Мұнша дәулет бар болса,
 Арғымақтың аяғын
 Жібекпенен тұсар ма?
 Темір екен тас атқан
 Айсаұлы Әмет барында,
 Маңғал ұлы Темірге
 Қызын бермекке ұсар ма? – дейді.

Ол атын қырық күн жаратып Қырымға кетеді. Қол (әскер) сұрайды. Қырым мұсылманға әскер бермейді. Одан Қызылбасқа барады, ол да әскер бермейді. Одан Қондыкерге барады, ол да әскер бермейді. Қайтып ел шетіне келіп, тыншы жібереді. Хан аңға шыққанда қызын алып қашып кетеді. Олар Еділ жағасына барып тұрады. Хан аңнан қайтқан соң, қызын Әметтің алып қашып кеткенін естіді. Бірақ қайда кеткенін біле алмайды. Екі жылдан соң қызының екіқабат екенін естіп, алып келуге Алашын Алау бастаған үш жүз кісіні жібереді. Олардың келе жатқанын қыз көріп, оны Әметке айтады. Біраздан соң оларды Әмет те көреді. Ол кезде қыз босанған еді. Баланы бесігіне байлап, аузына қойдың құйрығын сорғызып, бесікті талдың бұтағына іліп кетеді. Алғашында олар соғысқанымен, кейіннен Әметпен келісіп, сол жерде Әметпен бірге тұрып қалады. Олар Жәнібек өлген соң Бердібекке келіп қосылады. Ол заманда Хажы-Тарханда Темір Құтлығ хан еді. Оның ұлқызы жоқ еді. Хажы-Тарханнан ағаш-бөрене шығару үшін барған кісілер, сол жерден бір бала тауып алады. Баланы әкеліп ханға береді. Салдан тауып алған соң Салшы деп атайды. Хан баланы асырап алады. Бала өскен соң халыққа жәбір көрсете бастайды. Халық балаға ренжіп, ханға «Ханым, бізді сүймес болсаң ұлыңмен бол», – деді. Хан ойланып, «Бір ұлмен не болармын, маған халқым керек» – деп, баланы Сарайдан шығарып жібереді. Одан кейін Салшы әскерге барды. Онда жүріп бала көп өнер үйренді. Домбыра, қобыз тарта алатын болды. Онда-мұнда біреулермен сөзге келіп «Әй, атасыз, анасыз» – деп айтар болса, ол, «Ақ Сарайда Балшымын, ана Еділде Салшымын, Хажы-Тарханда тушымын. Атамды сұрасаңыз белгісіз, некесіз. Өзім артық туған соң, артын сұрап не етесіз», – дейтін еді. Салшы Жәнібек ханның қызынан туған ұл еді. Ол хандарға жиен, Исаның ұлы Әметтің ұлы еді [14.33-35].

Осы екі аңызда баяндалған оқиғаларға талдау жасар болсақ, онда осы екі аңыздағы оқиғалар желісінде тарихи шындық жатқанын көруге болады. Әмет Өзбек ханды таққа отырғызған белсенді топтың көрнекті өкілі Исатай бектің ұлы [15.104]. Асан Қайғының Жәнібек ханға айтқан толғауында айтылатын Әмет те осы Әмет [16.378-380]. Ал, Әметтің ұлы Салшының Хажы-Тархан қаласын билегені туралы орыс жылнамалары жазады [17.19]. Бұл аңыз кейіпкерлері туралы тарихи деректердің табылуы, аңыздың негізінде тарихи шындық жатқанын көрсетеді.

Енді осы «Айса ұлы Әмет» туралы аңыз бен Алаш пен Алаша ханға

катысты аңызды салыстырып көретін болсақ, осы екі бөлек аңыздың Алтын Орда мемлекетінде болған бір оқиғаның екі қырынан баяндалуы екенін көруге болады. Ең бастысы, бірінші аңызда алапес балаға Майқы бидің өзі ұлы Үйсін бастаған жүз жігітті қосып жіберуі, соңынан оларды қайтаруға барған Болат кожа мен Алшын бастаған екі жүз жігіттің де баланың қасында қалып, хан көтеруі мен Жәнібек ханнан қашқан Әметтің соңынан барған Алашын Алау бастаған үш жүз жігіттің де Әмет қасында қалып қоюы Алаш пен Алаша хан туралы аңыз бен «Айса ұлы Әмет» туралы аңыз арасында тікелей байланыс барлығын, екі аңыз негізінде бір тарихи оқиға жатқандығын көрсетеді.

Бірінші аңыздағы негізгі кейіпкер Алапес балаға Майқы би қамқорлық жасайды. Аңыздағы Майқы бидің тарихтағы прототипі Асан Қайғы екендігін біз жоғарыда атап өттік. Ал, тарихта Асан Қайғының Исаұлы Әметке қамқорлық жасағаны, ханның алдында Әметтің сөзін сөйлегені, Жәнібек ханға қойылған кінәнің бірі Әметке қатысты екені белгілі. Екінші аңыздың негізгі кейіпкері Әмет пен тарихта болған Әметтің бір кісі екендігі күмән тудырмайды. Олай болса, Алашқа хан болған Алапес бала – Алаша хан мен Алаша ханның тарихта болғандығын Жәнібек хан дәуірінде Алаш атты мемлекеттің тарих сахнасына шыққандығын көрсетеді.

Алаш мемлекетінің тарих сахнасында болғандығы, мемлекетте болуға тиіс бүкіл құрылымдық жүйенің Алаш мемлекетінде де толық қалыптасқандығы қазақ шежірелерінде толық көрініс тапқан. Қазақ шежірелерінің алғашқы нұсқасы Өзбек жүргізген саяси-құрылымдық реформаға сай қалыптасқандығын, рулық, тайпалық жүйенің қалыптасу принциптерін талдағанда толық айтып өткен болатынбыз. Сол жүйе Жәнібек ханның жүргізген саяси-идеологиялық бағыты мен мемлекетті басқару жүйесінде жүргізген реформасы Өзбек хан құрған мемлекеттің басқару жүйесін күйретті. Өзбек хан құрған мемлекеттік жүйе осы Алаш мемлекетінде қайтадан толығымен қалпына келтірілді. Шежіреде осы процесс толығымен көрініс тапқан. Ерекшелігі шежіре басында Өзбек хан орнына Алаша хан тұрғанын көреміз. Бұл қазақ халқының тарихындағы тағы бір саты осы Алаш пен Алаша ханмен байланысты екендігін көрсетеді. Бұған мысал ретінде З.Сәдібековтың «Қазақ шежіресі» атты кітабында келтірілген шежірені алып көрелік: Нух пайғамбардың он үшінші ұрпағы Алаш, Алаштан Жайылхан, Жайылханнан Жұман, Жұманнан Әбілхайыр, Әбілхайырдан Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс [18.22].

Осы шежіреде Алаш кезеңіндегі тарихи процестер мен Әбілхайыр хан кезеңіндегі процестер қатар көрініс тапқанын көреміз. Бірақ бұл шежіреде Өзбек хан аты кездеспейді. Соған қарамастан, бұл шежіренің Алаш пен Алаша хан кезеңіндегі мемлекеттің құрылымдық жүйесі мен этникалық процестерді толық қамтыған шежіре ретінде қарастыруға болады. Шежіреде «Алаш, Алаштан – Жайылхан, Сейілхан болып бөлінеді. Біз бұдан Алаш тұсында қазақ пен түркімен тайпаларының екіге бөлінгенін көреміз. Ол уралы қазақтың тарихи жыр-дастандарында жеткілікті деректер бар.

Осы шежіреде аттары аталған кісілерді қазақ жүздерімен жалғастыратын болсақ, онда Алаш хан туралы аңыз кейіпкерлерінің қазақ жүздері мен ру, тайпаларына тікелей қатысты екендігін көруге болады. Ұлы жүз шежіресінен Майқы би, Қоғам би аттарын [19.111], Кіші жүз шежірелерінен Алшын, Алау-батыр [19.397], ал Қотаннан қазақтың үш жүзін тарататын шежіре бар екені белгілі [19.110].

Ал Алаш пен Алаша хан туралы аңыздағы Қондыгер, Қобаң атаулары қазіргі қазақ шежірелерінде кездеспейді. Ал, көне шежірелерде олардың болғандығына дау жоқ. Академик Ә. «Қыпшақ шежіресі» деген кітапта Қондыгер, Қобаңға қатысты былай дейді: «Алаша ханның екі баласының біреуінен Сейілхан, одан сегіз арыс түрікпен, екіншісінен Жайылхан, одан Қыпшақ, кейін қазақ пен қарақалпақ шыққан, түрікпендер боз оқтан, қазақтар үш оқтан тараған», – делінеді.

Қазақтың эпос жырында оғыз бен қыпшақтың бір қосылған дәуірін «Көндігер-Құбан жұрты» дейді. Құбан – еуропа әдебиетінде айтылатын күнбатыс қыпшақ тайпаларының бір аты...

Қазақтың шежіресі бойынша «Көндігер – Сырдариядан күнбатысқа не оңтүстікке ауып кеткен тайпаларға берілген ат. Бұл атпен екі қазақ тайпалары бір ғана аңызды, не Мысырға ауып кеткен Мамлюк қыпшақтарын әңгіме ететін болған [20.201]. Бұл жерде Қондыгер кім, Қобаң кім? Оларға ғалым толық анықтама беріп отыр. Сонымен бірге, бір заманда оғыз, қыпшақ тайпаларының бір мемлекет құрамында болғанын, ол кезде олардың Қондыгер-Қобаң деген жалпы атауға ие болғанын да жазып отыр. Ал олардың қай кезеңде бір мемлекеттің қол астында болғаны белгілі. Жошы Ұлысы құрамында оғыздар да, қыпшақтар да болды. Жалпы қазақ шежірелері мен аңыздарындағы Қондыгер, Қобаң аттарының кездесуі Алаш мемлекетінің қалыптасуына Алтын Орда құрамында болған түркілердің көпшілігі ат салысқанын, Еділдің оң жақ, сол жақ жағалауларындағы халықтардың көпшілігі өз еріктерімен Алаш ұранды бір халыққа бірігуге ниет білдіргенін көруге болады. Оған дәлел ретінде XIV ғасырларға тән ескерткіштерден қыпшақ таңбаларымен бірге оғыз таңбаларының да кездесуінен көруге болады. Мысалы, Алаша хан мазарында, Таңбалы таста, тағы басқа ескерткіштерде қыпшақ таңбаларымен бірге оғыз таңбалары кездеседі [20.202]. Өзбек хан кезеңінде йасауиия тариқаты мемлекеттік идеология дәрежесіне көтерілген кезде, түркі халықтарының араларындағы алшақтық жақындап, жалпы түркі халықтарына ортақ мәдениет қалыптаса бастаған болатын. Жәнібек ханның ол идеологиядан бас тартып, шарифат жолын ұсынуы, әлі толық бір халыққа айналып үлгермеген түркілерді қайтадан оғыз, қыпшақ болып жіктеуіне әкелді. Шежірелерде Алаштың ұлдары Жайылхан, Сейілхан болып бөлінуінен түркілік екі этникалық топтың қайтадан қазақ, түркімен болып бөлінгенін көруге болады.

Алаш туы астына біріккен түркілердің де ел бірлігін сақтай алмай екіге бөлінгені тек қазақ шежірелерінде емес, тарихи жыр-дастандарда да, киелі аңыздарда да сақталғанын көреміз. Мысалы, Мұрын жырау жырлаған «Қарға

бойлы Қазтуған» атты дастанда қазақ халқы тарихындағы қасіретті кезеңнің бірі былай суреттеледі:

Тоқсан баулы ноғайлар
 Мәслихат төбе басында,
 Жиылып кеңес құрады.
 Темірдің төмен қасында
 Жем өзенінің жағасы
 Мекен еткен қаласы.
 Он сегіз күн кеңесті
 Ноғайдың сонда баласы.
 Асан Қайғы ер туған
 Сыр дариясын жағалап,
 Нұрдың қарабайыры
 Солай асып жөнелді.
 Қарға бойлы Қазтуған
 Шам шаһарына кетем деп,
 Мұнда тұрып нетем деп,
 Қарт Әділ Жәнібек
 Қалған жері осы еді.
 Асан Қайғы көшкен жер,
 Шыңғырлау, Торсық басы еді.
 Қыземшекті, Саршоқы
 Осы судың қасы еді.
 Асан Қайғы Туғанның
 Бөлінген жері осы еді [21.73].

Бұл жыр нақты тарихи дерек болмағанымен сол кезеңдегі халықтың екі бөлінгенін көрсетеді. Тарихта Асан Қайғының Сыр бойына кеткені шындық. Оған дәлел ретінде Асан Қайғы қабірінің Сыр бойында Оқшы Ата қорымында жатқанынан көруге болады. Ал, Батыс Түркіменстандағы халықты Сүйінхан-Сейілхан халқы деп атайтынын ескерер болсақ [22.166], онда жырда айтылған оқиғаның астарында тарихи шындық жатқанын көруге болады. Сонымен қатар, көптеген қожа әулеттері де йасауийа тариқатының тармақтарымен байланысып жатыр. Мысалы, “ата”, “мүжевр” әулеттеріндегі сопылық дәстүр йасауийа тариқатының дәстүріне сай келетінін көруге болады. Йасауийа тариқатына тән «зикр-и жахр» ата әулетіне де, “мүжевр” әулетіне де тән және олар өз шежірелерін Қожа Ахмет Йасауи мен Мұхаммед ибн ал-Ханафийа арқылы Али ибн Абу Талибпен байланыстырады [22.145-161]. Бұл деректердің барлығы Алаш дәуірінде түркі халықтарының екіге бөлінгендігін, қазақ шежірелері мен аңыздарындағы, тарихи жыр-дастандарындағы баяндалатын оқиғалардың тарихи негізі барлығын көрсетеді.

Ендігі кезекте Алаш жұртының территориясы қай жерде болды деген заңды сұрақ туындары анық. Қазақ аңыздары мен жырларында Алаш жұртының қай жерлерде болғаны анық көрсетілген. Сондықтан Алаш

жұртын да сол жерлерден іздеген абзал. «Алаш пен Алаша» хан туралы аңызда Ұлытау мен мен Ұлытаудың Қостанаймен, Ақтөбемен шектесетін жерлері аталады. Тарихи дастандарда Үстірт пен Маңғыстау жері оқиға орны ретінде баяндалады. Соған қарағанда, Алаш жұртының алып жатқан территориясы осы аталған жерлерді түгел қамтыған болса керек. Сол аңыз-жырларда айтылатын жерлерде Алаш атымен байланысты тарихи ескерткіштердің кездесуі Алаш пен Алаша ханға қатысты аңыздар негізінде тарихи шындық жатқанын нақтылай түседі.

Алтын Орда мемлекетінен, Жәнібек ханнан бөлінген Асан Қайғы бастаған халықтың өз алдына ел-жұрт болып, Алаш мемлекетін құруы қазақ халқының қалыптасу жолындағы алғашқы және күрделі қадамы болды. Жәнібектен бөлініп, жеке ел болған халық «қазақ» деген атауды алғаш рет осы Жәнібек хан тұсында алады. Ол туралы Қ.Халид: «Сарай халқының сахаралықтары» Жәнібек хан заманында қазақ атын алған деседі [4.75] – дейді. Құрбанғали Халидтің бұл пікірін қазақ арасында осы күнге дейін сақталып келе жатқан мына сөз де қуаттай түседі:

Кеше, Алаш, Алаш болғанда,
Алаша хан болғанда,
Үйіміз ағаш болғанда,
Ұранымыз Алаш болғанда,
Үш жүздің баласы қазақ емес пе едік?! [9.17]

Демек, қазақ халқының алғаш тарих сахнасына шығуы, өзінің дәстүрлі мәдениеті мен рухани дербестігін сақтап қалу үшін Сарайдан бөлінген халықтың Алаш жұртын құруымен байланысты екендігін көрсетеді. Алайда осы күнге дейін «қазақ» этнонимінің шығуы туралы тарих ғылымында нақты қалыптасқан пікір жоқ. Өйткені осы күнге дейін қазақ халқын халық ретінде ұйыстырушы негізгі фактордың анықталмауы зерттеушілерді «қазақ» атауының шығу тегіне қатысты қаншама болжамдар айтуға мәжбүр етті. Бірақ әлі күнге тура анықтамасын бере алған емес. Мақала басында арнайы атап өткен Ш.Уәлиханов пен А.Чулошников пікірлерінің тарихи шындыққа жақын болғандығын тағы атап көрсеткіміз келеді. Одан кейінгі «қазақ» сөзінің мағынасын анықтап, нақтылаған ғалым Құлмат Өмірәлиев еді. Ол өзінің «Ата тарихымызға үңілсек» атты мақаласында қазақ сөзінің шығу негізіне мынадай анықтама береді: XIV-XV ғасырда бұл қазақ сөзі атауы болған қолдың (жұрттың) әрекетіне қарай жана мағына алды. Егер X-XII ғасырда қазақ+лағу баратын қол ордадан шығып, шекаралық аймақты күзететін, сақтап тұратын. Ертедегі Түркі қағанатындағы тутуқ будун сияқты қол, әскер болса, енді бұл «шығып кету» ордадан бөлініп, оған бірден-бір оппозицияда, соғыс жағдайында болудан келіп туды. Яғни, қазақ сөзі саяси мән алды. Енді ордадан бөлініп, оған қарсы, соғыс жағдайында болған жұрттың (әскери қолдың) әрекетін қазақ+лық деп атады. Ал ордаға оппозицияда болған әскери қолмен соғыс жағдайында болуды қазақлық+та деп атады [23.17-26,24].

«Қазақ» сөзінің шығу төркініне ғалымның берген бұл анықтамасы

Алтын Ордадан бөлініп, жеке ел болуға ұмтылған халықтың әрекетіне толық сай келеді. Жәнібек ханның идеологиялық саясатына наразы болған, өзінің дәстүрлі мәдениеті мен рухани дербестігін сақтап қалуға ұмтылған халықтың өз алдына отау тігіп ел болуға әрекет етуі заңды болатын. Себебі, түркілер ата-бабалар басынан өткерген тарихтың ащы сабағын әлі ұмыта қойған жоқ еді. VIII ғасырдың екінші жартысында исламды қабылдаған түркілер XII ғасыр қарсаңында өзінің дәстүрлі мәдениетінен де, рухани дербестігінен де толық айырылған еді. Тек Шыңғыс ханның түркі жеріне баса көктеп кіруі түркілердің жығылған туын қайта көтеріп, мемлекеттілігін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Өзбек ханның жошы ұлысын исламдандыру жолындағы еңбегі, йасауийа тариқатын мемлекеттік идеология дәрежесіне көтеруі түркі халықтарының бүкіл жоғалтқан асылы мен мемлекеттік жүйесін қайтадан қалпына келтіруге мүмкіндік берген болатын. Жәнібек ханның йасауийа тариқатынан бас тартып, қайтадан шарифат жолын мемлекеттік идеология ретінде қабылдауы түркі халықтарының рухани, мәдени дербестігінің тамырына балта шабу еді. Оны сезген Асан Қайғы бастаған ел ағалары соңына ерген халықты Ордадан бөліп әкетті. Алаш жұрты осылай пайда болды, қазақ халқы осылай тарих сахнасына шықты. Бұл қазақ халқының халық болып қалыптасуында рухани фактордың, Йасауи жолының негізгі ұйыстырушы күш болғанын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Алаш мемлекетінің тарих сахнасына шыққан кезеңі шамамен белгілі болғанымен (1340 жылдар соңы), оның қанша уақыт өмір сүргені белгісіз. Өйткені аңыздарда Әмет соңына ерген халықпен бірге Жәнібек хан өлген соң Бердібекке барып қосылғаны айтылады [14.35]. Шоқан Әмір Темірдің Алаша хан ұлдарын 1392 жылы Тоқтамыс ханға кетіп бара жатқан жолда өлтіргенін жазады [6.218]. Татар тіліндегі «Ақсақ Темірдің нәсілі туралы» деген жазбада Әмір Темірдің Әмет, Сәмет деген хандарды халқымен бірге ислам дініне кіргізгені туралы айтылады [24.31]. Соған қарағанда, Ордадан бөліне көшкен халық туралы «бұлар діннен шықты» деген жалған хабар тартылған сияқты. Қалай болғанда да Алаш мемлекетінің өмірі қысқа болды. Ол халық жадында сақталып қалды. Алаш жұрты қайтадан Шыңғыс ұрпақтарын хан көтеріп, мойын сұнған соң, Алаш тарихы да халық санасында көмескіленіп, аңызға айналды. Алайда Алаш жұрты өзінің тарихтағы ролін толық атқарды. Түркі халықтарының дәстүрлі мәдениеті мен рухани дербестігін сақтап қалды. Түркі халықтары Алаш туы астына біріге отырып, өздерінің рухани, мәдени тұтастығы үшін күресе алатын қуаты барлығын көрсетті. Алаш жұртының өз алдына ел болып, жұрт болып кетуіне толық мүмкіндігі бар еді. Бірақ олар анттан аттап кете алмады. Түркінің жығылған туын қайта көтерген Шыңғыс хан ұрпағына олар, әр кезде, өздерінің адалдығын көрсетіп отырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Т.1. М.,-Л., Изд. АН.СССР. 1952.
2. Әбілғазы. Түрік шежіресі. Ауд. Т.Әбілқасымов. Алматы, 1991.
3. Артықбаев Ж.О. Алаша хан и его эпоха // Историческое наследие М.Ж.Копеева. Павлодар. 2004.
4. Қ.Халид. Тауарих хамса. Алматы: Қазақстан, 1992.
5. Уәлиханов Ш. Қазақ шежіресі// Қазақ тарихы, №1, 1993.
6. Валиханов Ч. Собрание сочинения. Т.1. Алма-Ата, Изд. АН Каз. ССР, 1961.
7. Чулошников А.П. Очерки истории казак-киргизского народа. Ч.1. Оренбург. 1924. Артықбаев Ж. кітабындағы сілтемеден алынып отыр.
8. Қиянатұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. Астана, «Елорда», 2004.
9. Артықбаев Ж.О. Материалы к истории правящего дома казахов. Алматы., Ғылым, 2001.
10. Мария Иванич. «Дафтар и Чингиз-наме» как источник по истории кочевых обществ // Источник.
11. Togan Z.U. Yesevilige dairbazi yeni madumat//Fuad Koprulu Armagani. Istanbul, Osman Yalcin Matbaasi, 1953.
12. Насаб-нама ҚХНЕ-1.
13. Нур Аллах Ибн Убайд Аллах ал-Садик ал-Хорезми // Devin De Weese. Islamization and Native Religion in the Golden Horde. The Pennsylvania state University Press.
14. Ғайса ұлы Амет Турындағы дастан. Дәфтәре Чыңғыз-намә. Қазан, «Иман» нәшрияты, 2000.
15. Утемиш Хаджи. Чингиз-наме.
16. Сейфуллин С. Билер сөзі // Қазақтың Ата заңдары. Т. 2 А., «Жеті жарғы», 2003.
17. Зайцев И.В. Астраханское ханство. М., Вост. Лит., 2004.
18. Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент. 1994.
19. Арғынбаев Х. Востров В. Мұқанов М. Қазақ шежіресі. А., «Атамұра», 2000.
20. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр аңыздар. А., Жазушы, 1985.
21. Батырлар жыры. Т. 6. А., Жазушы, 1990.
22. Демидов С.М. Туркменские овляды. Ашхабад, Изд. «Ылым», 1976.
23. Өмірәлиев Қ. Ата тарихымызға үнілсек//Қазақ Ордасы, №3.
24. Ақсақ Тимер нәселе турындағы дастан//Дәфтәре Чыңғыз-наме. Қазан, Иман, 2000.

RESUME

Jandarbekuly Z. (Turkestan)

The period of formation Kazakh khanes and the state Alash

In this article it is shortly stated a history of the State Alash which existed parallels on territory Golden Horde. Because of ideological disagreement Dzhanipek of khan with leaders of the Turkic rodo-breeding unions in head Asan-Kaigy. And this people separated from Golden Horde, created own state began to refer kazakhs. This event in turn has strongly weakened military power of Golden Horde and has led to disintegration of Golden Horde.